

Шымкент қалалық мәслихатының 2008 жылғы 14 сәуірдегі "Шымкент қаласының аумағын абаттандыру Қағидасы туралы" № 9/78-4с шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Шымкент қалалық мәслихатының 2011 жылғы 28 қыркүйектегі N 55/454-4с шешімі. Шымкент қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 28 қазанда N 14-1-143 тіркелді. Күші жойылды - Шымкент қалалық мәслихатының 2012 жылғы 17 мамырдағы № 7/53-5с Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шымкент қалалық мәслихатының 2012.05.17 № 7/53-5с Шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» және 2001 жылғы 16 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңдарына сәйкес, Шымкент қалалық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. «Шымкент қаласының аумағын абаттандыру Қағидасы туралы» Шымкент қалалық мәслихатының 2008 жылғы 14 сәуірдегі № 9/78-4с шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 14-1-77 нөмірімен тіркелген, «Шымкент келбеті» газетінде 2008 жылдың 13 маусымында № 24 жарияланған) келесідей толықтырулар енгізілсін:

109 тармақ келесідей мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Қатты тұрмыстық қоқыстар мен ірі көлемді қалдықтарды шығаруды жүзеге асыратын қоқыс шығарушы ұйымдар мен басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілер, осы Қағиданың қосымшасына сәйкес қала бойынша қатты тұрмыстық қалдықтардың жинақталу көлемі мөлшерінің бір адамға қалыптасқан есептік айырмасын ескере отырып, Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі басқармамен келісілген тариф бойынша тұрғындардан төлемақы алуды жүзеге асырады»;

осы шешімге қосымшаға сәйкес қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Ғ.Ахметбаев

Мәслихат хатшысы

Н.Бекназаров

К Е Л І С І Л Д І

Ш ы м к е н т қ а л а с ы н ы ң
с ә у л е т ж ә н е қ а л а қ ұ р ы л ы с ы
б ө л і м і н і ң б а с т ы ғы
«28» қыркүйек 2011 жыл Архабаев Нұрлан
Төлепбергенұлы

Ш ы м к е н т қ а л а л ы қ м ә с л и х а т ы н ы ң
2 0 1 1 ж ы л ғ ы « 2 8 » қ ы р к ү й е к т е г і
№ 5 5 / 4 5 4 - 4 с ш е ш і м і н е қ о с ы м ш а

Ш ы м к е н т қ а л а с ы н ы ң а у м а ғы н
абаттандыру Қағидасына қосымша

Шымкент қаласы бойынша қатты тұрмыстық қалдықтардың жинақталу көлемінің мөлшері

№	Қалдықтың пайда болу көздері	Өлшем бірлігі	Есептік жинақталу мөлшері
1	Жайлы тұрғын үйлер	м ³ /адам /жылына	1,7
2	Жеке сектордағы жайсыз тұрғын үйлер	м ³ /адам /жылына	2,0
Сауда кәсіпорындары			
3	Азық-түлік дүкендері	м ³ /м ² сауда ауданы/ жылына	1,2
4	Өнеркәсіп тауарлары дүкендері, супермаркеттер	м ³ /м ² сауда ауданы/ жылына	0,8
5	Базарлар, сауда павильондары	м ³ /м ² сауда ауданы/ жылына	0,55
6	Дүңгіршектер, лотоктар, ұсақ сауда нысандары	м ³ /м ² сауда ауданы/ жылына	0,43
Мекемелер, ұйымдар, кенселер, банктер, байланыс бөлімшелері			
7	Мемлекеттік басқару органдарының әкімшілік ғимараттары	м ³ /адам /жылына	0,25
8	Кенселік ғимараттар (мекемелер, ұйымдар, кәсіпорындар)	м ³ /жұмыс орны/ жылына	1,4
9	Банктер, сақтандыру компаниялары, мұрағаттар, кассалар	м ³ /жұмыс орны/ жылына	1,7
10	Жобалау институттары, ғылыми зерттеу институттары, конструкторлық бюролар	м ³ /жұмыс орны/ жылына	1,3
11	Байланыс бөлімшелері	м ³ /жұмыс орны/ жылына	1,5
Денсаулық сақтау мекемелері			
12	Дәріханалар	м ³ /м ² ауданы/ жылына	0,38

13	Ауруханалар, клиникалар	м ³ /төсек орны/ жылына	1,0
14	Емханалар	м ³ /келіп кету/ жылына	0,02
15	Шипажайлар, пансионаттар, демалыс үйлері	м ³ /төсек орны/ жылына	1,0
Автосервис нысандары			
16	Жанар май құю бекеттері, автожуу, автотұрақ, гараждар	м ³ /машина орны/ жылына	1,4
17	Автожөндеу орындары	м ³ /машина орны/ жылына	0,85
Мектепке дейінгі және білім мекемелері			
18	Бала-бақшалар, ясли	м ³ /орын/ жылына	0,24
19	Мектептер	м ³ /оқушы/жылына	0,12
20	Жоғарғы оқу орындары, колледждер және училищелер	м ³ /оқушы/жылына	0,38
21	Мектеп-интернаттар	м ³ /оқушы/жылына	0,6
Тұрмыс көрсету кәсіпорындары			
22	Шаштаразылар, косметологиялық салондар	м ³ /орын/ жылына	2,2
23	Моншалар, сауналар	м ³ /м ² ауданы/ жылына	1,15
24	Ақша айырбастау орындары, ломбардтар	м ³ /м ² ауданы/ жылына	1,18
25	Химиялық тазалау, кір жуу орындары, тұрмыс техникасын жөндеу орындары, тігін ательесі	м ³ /м ² ауданы/ жылына	0,56
26	Зергерлік, аяқ киім, сағат жөндеу шеберханалары	м ³ /м ² ауданы/ жылына	0,75
27	Ұсақ-түйек жөндеу орындары	м ³ /орын/ жылына	0,55
28	Кафелер, мейрамханалар, асханалар, қоғамдық тамақтану орындары	м ³ /отыратын орын/ жылына	1,5
29	Қонақ үйлер	м ³ /орын/ жылына	1,2
30	Жатақханалар, интернаттар, балалар және қарттар үйлері	м ³ /орын/ жылына	1,2
Мәдени-спорттық нысандар			
31	Театрлар, кинотеатры, мәдениет үйлері, түнгі клубтар, ойын автоматтар залдары	м ³ /орын/ жылына	0,26
32	Мұражайлар, саз салондары	м ³ /келіп кету/ жылына	0,1
33	Кітапханалар, оқу залдары	м ³ /келіп кету/ жылына	0,1
34	Спорт нысандары (стадион, фитнес-орталықтар, жаттығу залдары, бассейн)	м ³ /м ² ауданы/ жылына	1,2
Жолаушы көлік кәсіпорындары			
35	Темір жол және автовокзалдар, ауежай	м ³ /м ² ауданы/ жылына	0,59
Қойма нысандары			
36	Қоймалар	м ³ /м ² ауданы/ жылына	0,35
37	Көтерме сауда базалары, азық-түлік және өнеркәсіп қоймалары	м ³ /м ² ауданы/ жылына	0,2

Аумақтарды тазалау (сыпырым)			
38	Саябақтар мен гүлзарлар	м ³ /м ² аудан/ жылына	0,35
39	Жолдар мен көшелерді тазалау, іргелес аумақты тазалау	м ³ /м ² аудан/ жылына	0,03

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК